

Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 24 ақпан N 1577
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстанның алдындағы сіңірген

айрықша еңбегін тану белгісі ретінде және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қаулы етемін:

1. Д.А.Қонаевтың есімі:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Тау-кен институтына;

Шығыс Қазақстан облысы "Лениногор полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамына берілсін.

2. Алматы қаласындағы Карл Маркс көшесі Д.А.Қонаев көшесі деп аталсын.

3. Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға жыл сайын берілетін академик Д.А.Қонаев атындағы сыйлықтар тағайындалсын.

4. Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың мұражай үйі ұйымдастырылсын және ол тұрған Төлебаев көшесіндегі 119 үйде мемориалды тақта орнатылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті